




## "ПРОФЕССОР" ҒЫЛЫМИ АТАҒЫН БЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасының ғылыми атақтарын (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру қағидаларына сәйкес **ғылыми-жарияланымдық талаптар**.

Ғылыми атағы келесі жағдайда беріледі:

	<p>Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте <b>5 жылдан кем емес</b>, оның ішінде жоғары оқу орнында профессордан төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда тиісті лауазымда, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, жоғары оқу орны басшысының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында <b>2 жыл үзіліссіз өтілі</b></p>
	<p>Үміткердің мамандығына сәйкес келетін және қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған ғылыми басылымдардағы <b>28 (жиырма сегіз) ғылыми мақала</b>, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Уәкілетті орган ұсынған басылымдарда <b>20 (жиырма) ғылыми мақала</b> (БҒСБК);</li><li>✓ Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы <b>3 (үш) ғылыми мақала</b>.</li><li>▪ Clarivate Analytics Journal Citation Reports деректері бойынша Web of Science - <b>1, 2 кuartиль</b></li><li>▪ Scopus-CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші <b>кемінде 50</b>;</li></ul> <p><b>*жарияланым түрі:</b> журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келетін "Article", "Review"</p>
	<p>* Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған <b>монографиясы</b>;</p> <p>*не Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған <b>жеке жазылған оқулығы</b>;</p> <p>* не оның басшылығымен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі, бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 тұлғаның болуы.</p> <p>! соңғы 5 жылда басылған, жалпы көлемі 6 баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 оқу жылы пайдаланылады*</p> <p><b>5 қосымша ғылыми мақала</b> болған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>▪ Clarivate Analytics Journal Citation Reports деректері бойынша web of Science - <b>1, 2 кuartиль</b>;</li><li>▪ Scopus-CiteScore бойынша <b>кемінде 50</b> ғылыми сала бойынша процентиль көрсеткіші.</li></ul> <p>қағидалардың осы тармағының талаптарын орындау талап етілмейді.</p>

\* Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілетін санынан асатын ғылыми мақалалар болған жағдайда, олар уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы мақалалар ретінде ескеріледі.

\*\*Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) компаниясының деректер базасына енгізілген патенттер халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде ескеріледі.